

2022 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету және "2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 872 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 145 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қаулы 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 79 және 111-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. "2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 872 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 21) тармақшасы алып тасталсын;

21-қосымша алып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 60-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірлесіп, тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізсін.

4. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 18 наурыздағы
№ 145 қаулысына
1-қосымша

2022 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

мың теңге

ФТ	ББӨ	БҒД	Атауы	Өзгерістер (+, -)
1	2	3	4	5

			Жиыны	0
			Шығындар	0
006			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	-15 247 682
	213		Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	-15 247 682
		027	Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру және олардың төлемдерін жүргізу	-11 247 682
		068	Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту	-4 000 000
013			Басқалар	15 247 682
	217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	15 247 682
		010	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві	15 247 682

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 18 наурыздағы
№ 145 қаулысына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 872 қаулысына
60-қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің сомаларын бөлу

Әкімші			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама	Кіші бағдарлама		
217			Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	120 724 732

	010		Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві	120 724 732
		100	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві	59 527 050
		101	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві	60 247 682
		102	Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерві	600 000
		103	Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резерві	350 000